

Андатпа

Атырау, Маңғыстау облыстарындағы жануарлар арасында Блютанг ауруының қоздырушысын анықтау мақсатында жүргізілген індеттанулық мониторинг және серологиялық зерттеулер, аталған аурудың алдын алу бойынша уақытылы шараларды ұйымдастыруға және бұл инфекцияның одан әрі таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ИФТР, мониторинг, вирус, блютанг.

ЭОЖ 619:615. 35:616.07

Ахметова А., Қорабаев Е.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

АС ҚОРЫТУ ЖОЛДАРЫ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ ЖУСАН ТҮНБАСЫН ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Андатпа

Емдік мақсатта қолданылатын жусан түнбасын немесе қайнатпасын төлдердің диспепсиясы кезінде қолдану қанның морфологиялық көрсеткіштеріне және өсіп-өну функциясына тиімді әсер етіп, емдеуге кететін шығынды айтарлықтай төмендетеді.

Кілт сөздер: диспепсия, қайнатпа, түнба, түнбаша, антибиотиктер, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Кіріспе

Қазіргі таңда Республика тұрғындарын тұтынушыларды сапалы азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз ету және олардың денсаулығын қорғау – ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Егеменді ел болып, адымын тәй-тәй басып келе жатқан еліміздің экономикасын көтеріп, тәуелсіздігіміздің бірден-бір нышаны көк байрағымыздың тұғырынан таймай тұруы үшін ауыл шаруашылығын, соның ішінде, мал шаруашылығының мәртебесін көтеру, шешімін таппай жатқан үлкен проблема екені баршамызға аян.

Осы мақсатты жүйелі түрде іске асыру үшін ауыл шаруашылығы өндірісін мейлінше жеделдету шаралары: өндірісті механикаландыру, химияландыру, оның ішінде дәнді-дақылдардың тез арада өсіп-жетілуін тездететін және өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданылатын заттарды өндіріске енгізіп, кең көлемде қолдану күттірмейтін мәселелер болып табылады.

Малды дұрыс күтпеу және дұрыс азықтандырмау организмнің зат алмасуының бұзылуына әсер етеді. Осының нәтижесінде организмнің функциональдық өзгерістері мен резистенттілігінің әлсіреуіне әкеліп соғады.

Бұл өз кезегінде малдың өнімділігі мен өсіп-көбею дәрежесін және де организмнің физиологиялық мүмкіндіктерін төмендетеді.

Мал шаруашылығы алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі төлдер арасындағы ауруларды болдырмай, малдардың өсіп-көбею мүмкіндігін жоғарлату.

Мемлекеттің бұл эканомикалық қалдықтарына қарамастан ғылым алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі ауыл шаруашылық мал организмнің физиологиялық және өсіп-өну қабілетін жоғарлататын арзан да тиімді, әсері күшті биопрепараттар шығару болып табылады.

Бүгінде мал басы негізінен жеке шаруа қожалықтары мен өндірістік кооперативтер және т.б. шаруашылықтар қолында шоғырланған. Мал басының, соның ішінде ірі қара малдың өсімінің үдей алмауының себептерінің біріне оларда кездесетін жұқпалы және жұқпалы емес аурулар жатады. Мал басы өз төлінен өсетінін ескерсек, ерте баста төлдерде кездесетін аурулардың салдарынан олар жиі шығынға ұшырайды. Себебі жана

туған төл сыртқы қоршаған ортаға бейімсіз. Оның табиғи ауруға төзімділігі төмен, сол себепті олар жиі ауруға шалдығады. Сондай аурулардың біріне асқазан-ішек ауруларының ішінен диспепсияны жатқызуға болады.

Буаз малды құнарсыз азықпен азықтандыру – кант пен протеин, кальций мен фосфор қатынастарының бұзылуы, рационда витаминдердің тапшылығы салдарынан сиырлардың организмінде зат алмасуының бұзылуының себептерінен уыздың мөлшері мен сапасы өзгереді.

Сондықтан, бұзаулардың диспепсиясының пайда болуына себеп, физиологиялық жағынан сау малдың сапасы төмен уызбен азықтандыру деп атап айтқан.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жусаннан жасалынған тұнбаның немесе қайнатпаның ас қорыту жүйесіне әсерін зерттеу мақсатындағы ғылыми жұмысты орындау барысында шаруашылықтағы ауру бұзауларды диспепсияның жеңіл түрінің клиникалық белгілеріне қарай, 5 бастан, екі топ құрдық.

1-ші тәжірибелік топтағы 5 бұзауға жусан тұнбасын немесе қайнатпасын (50 мл тұнбаша+50 мл су немесе 100-200 мл қайнатпасы) емізік шөлмек арқылы бердік. Қайнатпаны дайындау 1:10 қатынаста, яғни 500г емдік өсімдікті 5 литр суда қайнатып, 30-60 минут тұндырып, дәке арқылы сүзу арқылы жүргізілді. Әр бұзауға бір бергенде 150-200 мл берілді. Дайындалған қайнатпаны тоңазытқышта 2-3 тәулік сақтауға болады. Ал тұнбашаны ұзақ уақыт сақтай беруге болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

2-ші бақылау тобындағы бұзауларды емдеу үшін шаруашылықта күнделікті қолданылатын емдік шара – антибиотиктер, соның ішінде окситетрациклин гидрохлоридін қолдандық. Окситетрациклинді бір бұзауға 5-7 мың ә.б./кг мөлшерінде тәулігіне 1 рет, 5 күн, бұлшық етке ектік. Қанды зертеу бұзаулар туылғаннан кейінгі 1, 5, 10, 15 күндері жүргізілді. Диспепсия кезіндегі қан құрамындағы өзгерістерді анықтау үшін, оның биохимиялық құрамына талдау жүргіздік. Яғни, эритроцит, лейкоцит, гемоглобин санын, сонымен қатар, кальций, бейорганикалық фосфор, сілтілік қорды, ақзат және ақзат фракцияларын анықтадық. Бірақ бұл жұмыста кальций, бейорганикалық фосфор және сілтілік қорды анықтау нәтижелерін енгізуді артық деп санадық (1-кесте).

1-кесте – Емдеу үлгісі

Топтар	Бұзаулар саны	Енгізілетін дәрі-дәрмектер	Енгізу әдісі	Препарат мөлшері	Енгізу жиілігі
I	5	1) 0,85 % физиологиялық ерітінді	ішке	2 литр	Ашығу кезінде
		2) Жусан қайнатпасы	ішке	200-500мл	Күніне 2 рет 2-3 күн қатарынан
II	5	1) 0,85 % физиологиялық ерітінді 2) окситетрациклин гидрохлориді	Ішке бұлшық етке	2 литр 5-7 мың ә.б./ кг	Ашығу кезінде Күніне 1 рет 5 күн қатарынан

Қанның формалық элементтерін санау (эритроциттер мен лейкоциттер) жалпылама әдістер бойынша Горяев камерасында жүргізілді. Гемоглобин мөлшерін колориметрикалық әдіспен, Сали гемометрі көмігімен анықтадық. Қанның сарысуындағы жалпы

белокты «RL-1» типті рефрактометр және С.М.Басовтың (1965 ж.) таблицасы бойынша анықталды.

Қан құрамын зерттеудің нәтижелері 3-ші кестеде келтірілген. Емдеуге дейін екі топтағы бұзаулардың да қанында эритроциттер мөлшері төмен болған. Бақылаудағы топта бұл көрсеткіш $6,4 \pm 0,26$ болса, ал тәжірибелі топта 1 мм-де $6,8 \pm 0,36$ болды.

Емдегеннен кейін эритроцит мөлшері тәжірибе тобында $9,7 \pm 0,28$ және бақылау тобында $7,8 \pm 0,32$ дейін өскен. Бұл жүргізілген емінің тиімділігін, грек жаңғағы қайнатпасының эритроциттер деңгейіне оң әсер ететіндігін көрсетеді. Ал гемоглобиннің мөлшеріне келетін болсақ, бұл көрсеткіштің де динамикасында айтарлықтай айырмашылықты байқауға болады. Тәжірибе тобында емдеуді жүргізгеннен кейін 3 күннен соң гемоглобиннің жоғарылағандығы және 5-ші күні гемоглобин мөлшерінің өз деңгейіне қарай төмендейтіні байқалады. Ал бұл көрсеткіш бақылау топта 3 күні $8,4\%$ ғана көтерілді.

Сонымен, препарат эритроциттердің гемоглобиндену деңгейіне оң әсер етеді. Эритроциттер мен гемоглобин деңгейі жоғарылағандығы, торшалардың оттегімен жақсы қанығуын және ұлпалық зат алмасудың жақсаруын қамтамасыз етеді. Осыдан кейін токсикоздық құбылыс жойылады, ал ас қорыту жолдарындағы қабыну процессінің тез аяқталуына септігін тигізеді.

Зерттеу барысында лейкоциттер мөлшеріне де елеулі өзгерістер байқалады. Тексерудің 3-ші күні бақылау тобындағы лейкоцит мөлшері $9,9 \pm 0,22$ -ден $9,4 \pm 0,21$ болып көтерілсе, ал тәжірибе тобында $9,4 \pm 0,44$ -тен $10,4 \pm 0,33$ -ке өсті. Лейкоциттердің мөлшерінің жоғарылауы, аурудың толық жазылуына мүмкіндік береді.

Ауру бұзаулардың қанының морфологиялық көрсеткіштері 3 кестеден көргеніміздей, дәрілік өсімдік қайнатпасын қолдану кезінде тәжірибелік топ малдары қаны құрамындағы эритроцит, гемоглобин және жалпы белоктың деңгейінің бақылау топтағы малдардың гематологиялық көрсеткіштерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылағаны көрініп тұр. Ал лейкоцит деңгейінің төмендеуі қабыну процесінің жойыла бастағанын көрсетеді.

2-кесте – Ауру бұзаулардың қанының морфологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Мал топтары	Тексеру күндері		
		1	3	5
эритроциттер	т	$6,8 \pm 0,36$	$9,7 \pm 0,28$	$8,4 \pm 0,22$
	б	$6,4 \pm 0,26$	$7,8 \pm 0,32$	$7,4 \pm 0,3$
лейкоциттер	т	$9,4 \pm 0,44$	$10,4 \pm 0,33$	$7,8 \pm 0,19$
	б	$9,9 \pm 0,22$	$9,4 \pm 0,21$	$8,8 \pm 0,26$
гемоглобиндер	т	$85,4 \pm 2,21$	$101,2 \pm 2,33$	$96,4 \pm 2,43$
	б	$88,1 \pm 2,24$	$95,8 \pm 2,36$	$90,4 \pm 2,3$
Жалпы белок	т	$58,3 \pm 0,6$	$67,4 \pm 0,43$	$65,2 \pm 0,4$
	б	$57,2 \pm 0,61$	$62,1 \pm 0,47$	$60,4 \pm 0,43$

Ескерту: т- тәжірибелік топ

б – бақылау топ

Тәжірибе жүргізу барысында біздер жаңа туған бұзаулардың диспепсияға шалдығу жиілігін зерттедік. Ол 3-ші кестеде көрсетілген. Кестеде соңғы жылдары орта есеппен 392 туылған бұзаудың 48 азық қорыту жүйесі ауруына шалдыққан, бұл туған бұзаулардың $12,15\%$ құрайды. Ауру коэффициенті- $0,11\%$.

3-кесте – Бұзаулардың диспепсияға шалдығуы және олардан келетін экономикалық шығыны

Топтар	Сиыр- лар саны	Туылған бұзаулар		Диспепсияға шалдыққан бұзаулар		Ауруға шалдығу коэффициенті	Аурудан келетін экономикалы қ шығын (теңгемен)		Өлген бұзаулар		Летальді коэффициент	Өлімнен келетін экономикалық шығын (теңгемен)		Жалпы шығын
		абс	%	абс	%		1 бұзауға	жалпы	абс	%		1 бұзауға	жалпы	
2016	227	230	84,1	36	11,7	0,11	60	2700	21	46,7	0,46	9500	199500	202200
2017	310	313	84,6	49	12,6	0,12	65	3315	24	47,6	0,47	12500	300000	303315
барлығы	537	679	-	85	-	-	-	-	45	-	-	22000	499500	505515
орташа	268,5	342,5	84,35	42,5	12,15	0,11	62,5	3007,5	42,5	46,9	0,465	11000	249750	252757,5

Ауырған бұзаулар салмақ жоғалтады, баяу өседі, азыққа тәбеті төмендейді, сол себепті шаруашылыққа шығын келеді. Орта есеппен шаруашылыққа 252757,5 теңге шығын келген. 2014-2015 жылдары орта есеппен 87 бұзау өлген. Шаруашылықта 1 жаңа туған бұзаудың құны 10000 теңге, сонда шаруашылыққа 870000 теңге шығын келтіреді екен. Сол себепті диспепсиямен ауырған бұзауларды дер кезінде емдемесе олар өлім-жітімге ұшырайды.

Қорытынды

1. Шаруашылықтардағы диспепсияға шалдыққан бұзаулардың үлесі орта есеппен 12,15 %. Шаруашылықтар төрт жылда орта есеппен 870000 теңге шығын келген.
2. Екінші топтағы диспепсияға шалдыққан бұзауларды шаруашылықта қолданып жүрген әдіспен емдедік, емдеу мерзімі 7 күнге созылды, диспепсиядан айығуы 80 %.
3. Бірінші топтағы диспепсияға шалдыққан бұзауларға біздер ұсынған ем қолдандық, диспепсиядан айығу мерзімі 4 күн (100%).
4. Шаруашылықта қолданылып жүрген емдеу әдісі ұзаққа созылады, қымбат және диспепсиядан түгел айықпайды.
5. Біздер ұсынған фитопрепараттық емнен диспепсияға шалдыққан бұзаулар түгел айығады. Емдеу шараларының экономикалық тиімділігі 90,7 теңге.

Әдебиеттер

1. *Шарабрин И.Т.* – «Внутренние незаразные болезни с-х животных». М. «Колос», 1976г.
2. *Порохов Ф.Ф., Буравова, Иваненко И.Т.* – «Профилактика и неотложная терапия при диспепсии телят» ж. «Ветеринария». 9, 56, 1983 г.
3. *Базекин Г.В.* «Новое в лечении диспепсии телят». Мат. Междунар. конф. ветеринарных терапевтов и диагностов посвященный 70 летию Бурядской гос. Академии им. Ф.Р. Филатова. Россия, Улан-Удэ, 2001
4. *Шубин А.Е.* «Этиология, диагностика и лечения диспепсии телят» Мат. Междунар. конф. ветеринарных терапевтов и диагностов посвященный 70 летию Бурядской гос. Академии им. Ф.Р. Филатова. Россия, Улан-Удэ, 2001
5. *Молдагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Кулдеев А.И., Камбарбеков А.Т.* - «Ветеринарлық клиникалық диагностика», Алматы, 2004 ж.
6. *Молагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Камбарбеков А.Т.* «Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы» Алматы, 2007 ж.

Ахметова А., Қорабаев Е.М.

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРИМЕНЕНИЯ НАСТОЯ ПОЛЫНИ ПРОТИВ БОЛЕЗНИ ПИЩЕВАРИТЕЛЬНОГО ТРАКТА

Аннотация

Применение для лечебной цели настоя и отваров полыни при диспепсии молодняка оказывает эффективное влияние на морфологические показатели крови и воспроизводительную функцию, значительно снижает затраты на лечения.

Ключевые слова: диспепсия, отвар, настой, настойка, антибиотик, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Akhmetova A., Korabaev E.M.

RESULTS OF APPLICATION OF THIS WATER AGAINST DISEASES OF THE DIGESTIVE TRACT

Annotation

Using for medical purpose extract and decoction of the wormwood at dyspepsias of the saplings renders the efficient influence upon morphological factors shelters and duplications function, vastly reduces the expenseses on treatments.

Keywords: dyspepsia, decoction, infusion, tincture, an antibiotic, protein, globulin, phosphorus, albumin, process.

ӘОЖ 619:615. 35:616.07

Ахметова А.Б., Заманбеков Н.А., Қорабаев Е.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ТӨЛДЕРДІҢ ДИСПЕПСИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАНДАҒЫ БЕЛОК ЖӘНЕ БЕЛОК ФРАКЦИЯЛАРЫНА ЖУСАН ТҮНБАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бронхопневмония және диспепсия кезінде жусан тұнбасын қолдану төлдердің қанның құрамындағы белок және белок фракцияларына және өсіп - өну функциясына тиімді әсер етіп, емдеуге кететін шығынды айтарлықтай төмендетеді.

Кілт сөздер: Диспепсия, қайнатпа, тұнба, тұнбаша, антибиотиктер, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Кіріспе

Мал шаруашылығы алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі - төлдер арасындағы ауруларды болдырмай, малдардың өсіп-көбею мүмкіндігін жоғарлату. Сонымен қатар, ғылым алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі ауыл шаруашылық мал организмнің физиологиялық және өсіп-өну қабілетін жоғарлататын арзан да тиімді, әсері күшті биопрепараттар шығару болып табылады. Қазіргі кездегі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, тыныс алу және ас қорыту жүйесі ауруларына ермен, жусан, зығыр және тағы басқа өсімдіктердің тұнбаларын қолдану жақсы нәтижелер беретіні айтылған. Бірақ, әлі де болса сапалы, қол жетерлік, қарапайым дәрілік заттарды өндіріске енгізудің маңызы өте зор. Осыған орай, біз өзіміздің зерттеулерімізде грек жаңғағы тұнбашасын, тұнбасын немесе қайнатпасын бұзаулардың диспепсиясына қарсы қолданып, біршама көңіл толарлық нәтижелер алдық. Бұл нәтижелердің бірі – жусанның тұнбасы немесе қайнатпасының ауру бұзаулар ағзасындағы жалпы белок және оның фракцияларына әсері.

Зерттеу материалдары және әдістері

Жусаннан жасалынған тұнбаның немесе қайнатпаның ас қорыту жүйесіне әсерін зерттеу мақсатындағы ғылыми жұмысты орындау барысында шаруашылықтағы ауру бұзауларды диспепсияның жеңіл түрінің клиникалық белгілеріне қарай, 5 бастан, екі топ құрдық. тәжірибелік топтағы 5 бұзауға жусанның тұнбасын немесе қайнатпасын (50мл тұнбаша + 50мл су немесе 100-200 мл қайнатпасы) емізік шөлмек арқылы бердік. Әр бұзауға бір бергенде 150-200 мл берілді. Дайындалған қайнатпаны тоңазытқышта 2-3 тәулік сақтауға болады. Ал тұнбашаны ұзақ уақыт сақтай беруге болады. 2 бақылау тобындағы бұзауларды емдеу үшін шаруашылықта күнделікті қолданылатын емдік шара – антибиотиктер, соның ішінде окситетрациклин гидрохлоридін қолдандық. Окситетрациклинді бір бұзауға 5-7 мың ә.б./ кг мөлшерінде тәулігіне 1 рет, 5 күн, бұлшық етке ектік. Қанды зертеу бұзаулар туылғаннан кейінгі 1, 5, 10, 15 күндері жүргізілді. Диспепсия кезіндегі қан құрамындағы өзгерістерді анықтау үшін, оның биохимиялық құрамына талдау жүргіздік. Яғни, ақзат және ақзат фракцияларын анықтадық.

Зерттеу нәтижелері

Организмнің иммунды жағдайын анықтау үшін қанның құрамындағы жалпы белоктың және оның фракцияларының мөлшерін зерттеудің маңызы өте зор. Себебі